

Қазақстан Республикасының Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 қазан 1994 ж. N 1100. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 желтоқсандағы N 1098 қаулысымен бекітілген Халық шаруашылығында статистиканы, бастапқы есеп пен бухгалтерлік есепті қайта құру жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті жанына Қазақстан Республикасы Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрі бірлестіктердің, ұйымдардың, мекемелердің, компаниялардың, кәсіпорындардың, оның ішінде шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындардың, банк мекемелерінің, қоғамдық ұйымдар мен ведомстволық бағыныстылығына, меншік және шаруашылық жүргізу түрлеріне қарамастан басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің біртұтас мемлекеттік есебі негізінде құрылады және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітетін ақпараттық-анықтамалық және экономикалық көрсеткіштері бар статистикалық карточка негізінде жүргізіледі деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрін пайдалануға енгізуді екі кезеңмен қамтамасыз ететін болсын, ол үшін:

- 1 9 9 4 жылы:

ведомстволық бағыныстылығына, меншік және шаруашылық жүргізу

нысандарына қарамастан белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен Қазақстан Республикасының барлық Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерін қайта есептеу жүргізілсін;

- Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілері туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы деректерді тұжырымдап, пайдалануға енгізілсін;

- Қазақстан Республикасының Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрінің Қазақстан Республикасының басқа министрліктері мен ведомстволарының шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің тізімдерімен және тіркеулерімен бірге олармен келісілген тәртіппен өзара ақпараттық қатынасын қамтамасыз етсін;

- 1995 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының өнімдер мен көрсетілген қызметті халықаралық сыныптаушы Статистикалық бюросынан алған бойда Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілері туралы экономикалық сипаттағы деректерді жинақтап, пайдалануға енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 3 қазандағы
N 1100 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрі туралы

Ереже

1. Қазақстан Республикасы Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрі (ШЖСМР) дегеніміз автоматтандырылған ақпараттық жүйе болып табылады, оның деректерінің базасында Қазақстан Республикасы шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілер туралы ақпараттық-анықтамалық мағлұматтар болады.

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің ұстаушысы болып табылады.

2. Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің мемлекеттік регистрі мынадай мақсатта құрылады:

Қазақстан Республикасының барлық шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерін біртұтас мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз етеді;
ақпараттық-анықтамалық және экономикалық көрсеткіштер негізінде

субъектілердің қызметіне жаппай статистикалық бақылау жүргізеді;

ШЖСМР негізінде бір жолғы есеп, санақ жүргізуді, ішінара тексеруді ұйымдастырады;

мемлекеттік, аумақтық органдардың және шаруашылық басқармаларының ақпараттық жүйеде өзара іс-әрекеті кезінде шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілердің теңесуін және осы өзара іс-әрекет негізінде республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау үшін барынша толық ақпарат алуды қамтамасыз етеді;

автоматтандырылған жиынның, өңдеудің, сақтаудың кешендерінде пайдаланылатын нормативтік-анықтамалық ақпаратты жинайды, статистикалық ақпараттардың маңызын арттырады және ұсынады.

3. Қазақстан Республикасының Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистр субъектілері кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді және шетелдік инвестициялары бар кәсіпорындарды, банк мекемелерін, қоғамдық ұйымдарды және олардың ведомстволарына бағынбайтын өзге де тәуелсіз шаруашылық жүргізуші субъектілерді, меншік және белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен құқығы бар және құқығы жоқ заңды тұлғалардың шаруашылық жүргізуші нысандарын қамтитын бірлестіктер болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрінің негізгі құрылысы банкілердің мемлекеттік статистика органдары шеңберінде таралған деректері болып табылады, оның деректерінің негізіне қосылған субъектілер туралы ақпараттық-анықтамалық және экономикалық сипаттағы ауық-ауық жаңартылған мағлұматтар болады.

ШЖСМР-ді жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе:

оған енгізілген ақпараттың қалыптасуын, сақталуын, жаңартылуын, іріктелуі мен ұсынылуын жүзеге асырады, сондай-ақ бағдарламалық-технологиялық, компьютерлік және телекоммуникациялық құралдар кешенімен қамтамасыз етіледі;

Қазақстан Республикасының және өзге елдердің министрліктері мен ведомстволарының тіркеулерімен және тізімдерімен өзара іс-әрекет жасайды.

5. Қазақстан Республикасы Шаруашылық жүргізуші және өзге субъектілерінің мемлекеттік регистрінің ақпараттық қорын мынадай тәртіпте қалыптастырып, жүргізу белгіленеді:

- ШЖСМР субъектілерінің есебін алу үшін құрылтайшы құжаттар жиынтығы, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тіркелуін жүзеге асыратын органдардағы мемлекеттік регистр туралы деректері бастапқы ақпарат болып табылады;

- ШЖСМР-дің ақпараттық қорында мыналар болады:
субъектінің барлық қызмет атқару мерзіміне теңестірілген коды;
субъектінің салалық және ақпараттық тиесілілігі туралы мағлұматтар, оған бағыныстылық, меншік нысаны, ұйымдастыру-құқықтық нысаны, үлгісі;
субъектінің мекен-жайы, телефондардың, факстардың, телекстердің, телетайптардың нөмірлері;
субъектінің құрылтайшылары туралы мағлұмат;
субъектінің негізгі экономикалық көрсеткіштері;

- ШЖСМР субъектілерін теңестіру мақсатында оларға кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы республикалық жүйеленуінде теңестірілген коды, сондай-ақ олардың сапалық және аумақтық тиесілілігін, типін, меншіктік нысанын, ұйымдастыру-құқықтық нысанын белгілейтін кодтар беріледі.

Субъекті бұл үшін мемлекеттік регистр кезінде тіркейтін ұйымның жөнелтпе хаты бойынша статистикалық органға өзі тұратын органнан субъектінің статистикалық карточкасын ресімдеу үшін қажетті құрылтайшы құжаттар (жарғы немесе ереже, құрылтайшы шарт немесе хаттама), ақпараттық-анықтамалық және экономикалық көрсеткіштер ұсынады;

- аталған кодтар берілген соң субъектіге статистикалық орган бастықтарының қолы қойылып, оның мөрімен бекітілген субъектіге арналған статистикалық карточка беріледі. Сонымен бір мезгілде субъектінің теңестірілген коды мемлекеттік регистр туралы куәлікке жазылады.

Субъектінің мемлекеттік статистика органдары берген статистикалық карточкасы регистр туралы куәлікпен тең дәрежеде банкілерде есеп-шот ашқан кезде заңды тұлғалардың барлығы ұсынатын негізгі құжат болып табылады;

- субъектілер ШЖСМР-дің енгізілуге жататын өзгерістер туралы мағлұматтарды қайтадан мемлекеттік регистр кезінде тіркейтін органдардың жөнелтпе хаты бойынша статистика органдарына ұсынуға міндетті.

ШЖСМР субъектісін таратқан кезде тарату комиссиясы немесе өзге өкілетті орган он күн ішінде бұл туралы таратылатын субъектінің тұрған жеріндегі мемлекеттік статистика органын хабардар етеді;

- ШЖСМР-ге енгізілуге жататын мәліметтерді тапсырмау, дер кезінде тапсырмау немесе бұрмалау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке апарып соғады.

6. ШЖСМР-ді пайдаланушылар заңды да, жеке де тұлға бола алады. ШЖСМР-дің ақпараттық негізін көруге рұқсат ету және оны қолданушыларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету "Қазақ ССР-інің Статистика және талдау жөніндегі, облыстық және Алматы қалалық басқармасының мәселелері" туралы Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 28 ақпандағы N 141 қаулысында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етіледі.

7. ШЖСМР-ді құру мен жүргізуді мемлекеттік статистиканың аумақтық органдарының қатысуымен біртұтас нұсқаулар және бағдарламалық-технологиялық құралдар негізінде Қазақстан Республикасының Мемстаткомы қамтамасыз етеді.

ШЖСМР-ді құру және жүргізу үшін Қазақстан Республикасының М е м с т а т к о м ы :

ақпараттық қорды толықтырудың біртұтас әдістемелігі мен бағдарламалық-технологиялық қамтамасыз етілуін бекітеді, ШЖСМР субъектілерінің есебін ұйымдастырады;

техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты ШЖСМР-дің ақпараттық негізі ретінде жалпы республикалық жүйелеу мемлекеттік эталондарын автоматтандырып жүргізуді қамтамасыз етеді;

ШЖСМР-дің экономикалық көрсеткіштер жөніндегі ақпараттарды автоматтандырылған өңдеу кешендерінің деректік негіздерімен, басқа министрліктердің тізімдерімен, тіркеулерімен және олармен келісілген тәртіппен ведомстволармен өзара іс-әрекеттерін қамтамасыз етеді;

ақпараттық негіздердің және ШЖСМР субъектілерінің коммерциялық құпияларын сақтауға жауап береді.

8. ШЖСМР-ді құру мен жүргізу жөніндегі жұмысты қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

9. ШЖСМР-ді тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.